

# Балалар кітап әлемінде



**БУКОНЕВА Ш.Н.,**  
Шығыс Қазақстан облыстық  
БЖК кітапханашысы.  
Өскемен қаласы.

Шығыс Қазақстан Облыстық балалар және жасөспірімдер кітапханасының қызметкерлері балаларды кітап пен оқуға тарта отырып, бос уақыттарын пайдалы өткізуіне бағытталған мазмұнды шараларды ұйымдастырады.

Балалар үшін жазғы демалыстың орны қашанда ерекше екені баршамазға мәлім. Осыған орай жазғы маусымда кітапханашылар өз оқырмандарына қызықты, танымдық шараларды ұйымдастыруда.

Жарқын көңіл-күймен ғажап әсерге толы шаралар легі 1 маусым – Балаларды қорғау күнімен басталып кетті. «Елдің сәні – ерке балғындар!» атты күлкі-тайм шарасында Көңілді кейіпкерлер балаларға ерекше көңіл-күй сыйлады. Аталмыш мерекеге арналған салтанатты шараға қатысып, кітапханашылар ұсынған тәттілерді қабыл алған бүлдіршіндердің жүздері балбұл жайнады.

Кітапханадағы әр күніміз бірін-бірі қайталамайтын ерекше шараларға толы. Оқырмандар үшін «Бой жазайық, кел, ойнайық», «Біз жүйрікпіз шапшаңбыз» эстафеталық жарыстар, «Шытырман әлемінде» ой-


ын-саяхат, «Болашақ біздің қолымызда» спорттық тренинг, «Book-микс» ойындар аумағы, «Біл, үйрен, көрсет» әндер марафоны атты шаралар өткізді. Сонымен қатар, бүлдіршіндердің білімдерін дамытуға ықпал ететін «Қызыл, сары, жасыл» білгірлер сайысы, «Кітап патшалығы» әдеби викториналар, «Ерте, ерте, ертеде...» кітап жәрменкесі, «Тауып көр...» әдеби квест, «Алтын қамба – алтын уақыт» әдеби викторина өткізілді.

Кітапхана жанынан құрылған қызығушылықтары бойынша бірлестіктер жазғы маусымда да өз жұмыстарын тұрақты түрде жүргізіп тұрады. Атап айтсақ «Bastaу» қазақ тілі үйірмесі, «Чудо-детки» балаларды дамыту студиясы, «Play and learn English» ағылшын тілі үйірмесі, «Kids reading» жексенбілік мектебі, «Сиқырлы бояулар» сурет үйірмесі, «Керім-Ай» би үйірмесі бүлдіршіндердің қызығушылығын тудыруда. Сондай-ақ әр шарада кітапхана психологы қызықты тренингтер өткізіп, өз оқырмандарына қажетті ақпараттарды береді.

Ақпарат пен технологияның дамыған заманында баланы кітап оқуға баулып қана қоймай бірден бір бала тәрбиесіне ат салысып отырған мекемелердің ішінде кітапхананың алатын орны ерекше. Осыған орай Өскемен шаһарында орналасқан Облыстық балалар және жасөспірімдер кітапханасының өз оқырмандарына берері мол. Әрқашан ізденуден, баланы кітап оқуға баулудан, кітап оқитын сауатты ұрпақ қалыптастырудан жалықпай, талмай, ерінбей жұмыс жасайтын бір топ кім десе кітапханашылар дер едім.

Біздің кітапханамыздың есігі әр оқырман үшін қашанда ашық. Зейінді, зерек ұрпақ көп болсын.

Кітапханада жүздескенше!



*Іске деген сүйіспеншілігі бар мұғалім жақсы мұғалім болады. Егер мұғалім шәкіртін әкесіндей, шешесіндей сүйетін болса, ол барлық кітаптарды оқыған, бірақ іске де, шәкірттеріне де сүйіспеншілігі жоқ мұғалімнен тәуір болмақ. Егер мұғалім өз бойында іс пен шәкірттеріне деген сүйіспеншілікті біріктірген болса, ол - кемел ұстаз.*

*А. Толстой*